

Сағат Әшімбаев-әдебиет сыншысы. Бақыт Сарбалаев-әдебиет сыншысы.

Орындаған: Турсынбек Ш.А
Тексерген: Сетимова А.Т

Ақтөбе, 2018 жыл

Сағат Әшімбаев



Әдебиеттанушы, сыншы,
тележурналист, жазушы, қоғам
қайраткері.

1970 жылы Қазақ мемлекеттік
ұлттық университетінің
филология факультетін бітірген.
Баспасөз бетіне оның алғашқы
тырнақалды мақалалары
1966—1967 жылдары аудандық
«Советтік шекара», облыстық
«Жетісу» газеттерінде
жариялайды.

Еңбек жолы:

Еңбек жолын 1969 жылы «Жас Алаш» («Лениншіл жас») газетінде әдебиет және өнер бөлімінің әдеби қызметкері болып бастаған ол, кейін сол бөлімнің меңгерушісі болып істеді.

- ✓ 1973 жылы «Жас Алаш» газетінен «Жұлдыз» журналына сын және библиография бөлімінің бөлім меңгерушісі болып ауысады. Ол біраз жыл бойы осы әдеби журналдың алқа мүшесі болды.
- ✓ 1976 — 1979 жылдары «Жас Алаш» газетінде редактордың орынбасары болып істеді.
- ✓ 1974 жылы жарық көрген «Сын мұраты» атты алғашқы кітабына Қазақстан жастар одағының (Қазақстан Ленин комсомолының) сыйлығы берілді (1976).
- ✓ 1979-1980 жылдары «Жалын» баспасында қызмет істеді.

- ◎ 1980 — 1986 жылдары Бүкілодақтық авторлар құқығын қорғау жөніндегі агенттіктің (БААП) Қазақ бөлімшесінің бастығы. Осы жылдары қоғамдық негізде тағы бірқатар қызметтерді қоса алып жүрді: Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің алқа мүшесі, КСРО Жазушылар одағы жанындағы сын кеңесінің мүшесі болды.
- ◎ 1986-1991 жылдары Қазақ КСР Телевизия және радиохабарын тарату жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы болып қызмет істеді.

Шығармалары:

- ◎ Сын мұраты». Әдеби сын мақалалар. «Жазушы», 1974;
- ◎ «Талантқа тағзым». Әдеби -сын мақалалар. «Жазушы», 1982;
- ◎ «Парасатқа құштарлық». Әдеби-сын мақалалар, портреттер. «Жазушы», 1985;
- ◎ «Шындыққа сүйіспеншілік». Әдеби-сын мақалалар, портреттер, эссе. «Жазушы», 1993;
- ◎ «Ақиқатқа іңкәрлік». Әдеби-сын мақалалар. «Ана тілі», 1997;
- ◎ 2 томдық шығармалар жинағы. Портреттер, зерттеулер, толғаныстар. Астана, «Елорда», 2006;
- ◎ Азаматтыққа адалдық. Әдеби-сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар. Астана, «Раритет», 2007.



"САҒАТ - АҚЫНЖАНДЫ СЫНШЫ.
ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІН
ТҮПНҰСҚАСЫНАН ТАНИ БІЛЕР
ҚЫРАҒЫЛЫҒЫНА КҮМӘН-
КҮДІГІҢІЗ БОЛМАСЫН!
ӘДЕБИЕТШІ ӘШІМБАЕВ, СЫНШЫ
САҒАТ ҚАШАНҒЫ
ДАҒДЫСЫНДАЙ ӨЗІНЕ СЕНІМДІ
ҺӘМ СЕРГЕК"

ӘШІРБЕК СЫҒАЙ



"ҚАРЫМДЫ ТЕЛЕПУБЛИЦИСТ С.
ӘШІМБАЕВ ЖҮРГІЗГЕН "ПАРЫЗ БЕН
ҚАРЫЗ" ХАБАРЫНЫҢ ТЕЛЕДИДАР
ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ ТЫМ
БӨЛЕК. ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ
ҚАЛЫПТАСЫП, ҰЙҚЫДАҒЫ ОЙДЫҢ
ОЯНУЫНА, ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМНІҢ
СІЛКІНІСКЕ КЕЛУІНДЕ
АҒАРТУШЫЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ
МӘНДЕГІ БҰЛ ХАБАРДЫҢ КӨТЕРГЕН ЖҮГІ
ТЫМ САЛМАҚТЫ.«

ҚҰДАЙБЕРГЕН ТҰРСЫН

Сағат Әшімбаевтің қанатты сөздері:

- Өсектің өртінен гөрі – қолқаңды қауып, деміңді тарылтатын дерті жаман.
- Тау суындай тұнық та мөлдір ар.
- Адамшылықтың сұлтаны.
- Күй астарында терең философиялық ойлар жатады.
- Әдебиеттегі шарттылық – қауыз іспеттес: ол – жазушының түрлі ниетін танытудың бір тәсілі.
- Шығарма мәйегін түйсіну – жазушы пафосын түсіну деген сөз. * Өлеңнің жаны – сұлулық.
- Өлең – өмірдің үзіліп түскен мөлдір тамшысы.
- Үйрену мен жаттығу да – еңбек.
- Шын мәніндегі сұлу поэзияда өнердің басқа салаларының да элементтері қойындасып жүреді.
- Сұлулық пен образ – егіз ұғымдар: бірі жоқ жерде – екіншісі де болмайды.

Бақыт Сарбалаев



Әдебиет сыншысы,
журналист, 1947 жылы 18
мамырда Қызылорда облысы
Жаңақорған ауданына қарасты
«Қызыл жұлдыз» кеңшарының
«Жайылма» ауылында дүниеге
келген.

Өмірбаяны

- 1969 жылы Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы педагогика институтын тамамдады.
- Туған ауылындағы мектепте бір жыл сабақ береді.
- 1970 жылы Алматы облысындағы Іле аудандық «Ильич жолы» газетіне жұмысқа орналасады.
- Бұдан кейін республикалық «Қазақстан мұғалімі» газетінде төрт жыл қызмет атқарады.
- 1974 — 1978 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің әдебиет пен өнер
- 1978 - 1982 жж. «Жалын» альманахының сын мен өнер бөлімінде жұмыс істейді.
- 1982 — 1986 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық коллегиясында аға редактор
- 1986 — 1990 жж. «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының сын бөлімінде әдеби қызметкер болды.
- 1990 жылдан ұлт газеті «Ана тілі» газеті апталығы бас редакторының орынбасары
- 1995 жылдан халықаралық «Қазақ елі» газетінің бас редакторы міндетін атқарды
- 2007 жылдан «Сын» журналының Бас редакторы.

Қоғамдық қызметі:

- ◎ 1979 жылы Мәскеуде өткен жас жазушылардың бүкілодақтық VII кеңесіне қатысты.
- ◎ Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Төралқа мүшесі
- ◎ Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы.

Шығармашылығы:

- Алғашқы «Өлең салмағы жүрек-пен өлшенеді» атты сын мақаласы 1966 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарық көрді.
- 1981 жылы «Қызыл алма» әдеби-сын мақалаларының жинағы жарық көрді.
- «Ел мен Елбасы» атты кітаптары шықты. Жекелеген шығармалары орыс, өзбек, қырғыз, моңғол тілдеріне аударылған.
- Қызыл алма. Эсселер. «Жалын», 1981;
- Ақиқат алдында». Әдеби сын. «Жазушы», 1986;
- Бейімбет Майлин, «Сенің сүйікті жазушың» сериясы. «Мектеп», 1989;
- Өткірдің жүзі. Әдеби сын. «Жазушы», 1991;
- Ілияс Жансүгіров. «Сенің сүйікті жазушың» сериясы. «Мектеп», 1992;
- Нұрлан. Шығармашылық портрет. «Ан Арыс», 2007;
- Жиырма бес. Әдеби сын. «Ан Арыс», 2008;
- Бес мүшел. Әдеби сын. «Ан Арыс», 2009

- ◎ Марапаттары:
- ◎ Қазақстан Журналистер одағының (1992) сыйлығының лауреаты.
- ◎ Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының (1994) лауреаты.